



БҰЙРЫҚ

2016ж 21 шілде

Талдықорған қаласы

ПРИКАЗ

№ 188 -185

город Талдықорған

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Алматы филиалының Қаратал өндірістік учаскесі бойынша суды арналар арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тариф бекіту туралы

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабындағы 1-тармағының
1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды
реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 115-НҚ
бұйрығымен бекітілген Уақытша өтемдік тарифті бекіту жөніндегі
қағидаларына және Алматы облыстық прокуратурасының 2016 жылғы 13
шілдесіндегі №2-04070-16-19873 ұсынысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігі
«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығында Республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының Алматы филиалының Қаратал өндірістік учаскесіне:

1.1. суды арналар арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тариф 1 м/3
– 0,22 (ҚҚС-сыз) теңге мөлшерінде 12 ай мерзіміне бекітілсін.

2. Уақытша өтемдік тариф мөлшерін есептеу осы бұйрықтың № 1
қосымшасына сәйкес қоса тіркелсін.

3. ««Қазсушар» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы
филиалы Қаратал өндірістік учаскесінің суды арналар арқылы беру
қызметіне тариф және тарифтік сметасын оңайлатылған тәртіппен бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министірлігі Табиғи
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы
облысы бойынша департаментінің 2016 жылғы 22 маусымдағы №131-НҚ
бұйрығының қолдануы тоқтатылсын.

4. Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты
Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігі «Қазсушар»
шаруашылық жүргізу құқығында Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
Алматы филиалының Қаратал өндірістік учаскесінің назарына жеткізсін.



Көшірмесі дүние
Бесір

5. Талдау және ұйымдастыру жұмысы бөлімі (Д. Құрбаева) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министірлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетіне ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығында Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы филиалының Қаратал өндірістік учаскесінің суды арналар арқылы беру қызметіне тариф деңгейінің өзгеруі туралы тұтынушыларды белгіленген тәртіппен хабардар етсін.


7. Осы бұйрықтың орындалуы департамент басшысының орынбасары Г.Шарапиеваға жүктелсін.

8. Осы бұйрық 2016 жылдың 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1,2-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы

Т. Галинов

Көрсетілген жұмыс
Галинов



Приложение №1 к приказу Департамента
 Комитета по регулированию естественных
 монополий и защите конкуренций
 Министерства Национальной экономики
 республики Казахстан по Алматинской
 области № 188-070 от "11"
11.09.2016 2016 года



**Расчет компенсирующего тарифа
 для Каратальскому ПУ АФ РГП "Казводхоз" МСХ РК
 на услуги подачи поливной воды по каналам**

| | | | |
|--------|---|----------|-----------|
| T | действующий тариф | тенге/м3 | 0,220 |
| V | годовой объем регулируемых услуг, учтенный в тарифной смете | м3 | 183758760 |
| П | прибыль, учтенная в утвержденной тарифной смете | тенге | 0 |
| A | годовая норма амортизации, учтенная в утвержденной тарифной смете | тенге | 1253620 |
| к | ставка рефинансирования Нацбанка РК на день принятия решения | % | 5,5 |
| НД | сумма необоснованно полученного дохода | тенге | 344 760 |
| НДк | сумма необоснованно полученного дохода, с учетом ставки рефинансирования $НДк = НД \times ((100 + к)/100)$ | тенге | 363721,8 |
| T пр. | предельный уровень тарифа $T пр = (T \times V - (П + 0,5 \times A)) / V$ | тенге/м3 | 0,22 |
| | временный компенсирующий тариф | | |
| T комп | $T комп = (T \times V - НДк)/V$ | тенге/м3 | 0,22 |
| n | период действия компенсирующего тарифа $n = НДк / ((T - T пр) \times V)$ | | 0,58 |
| n | период действия компенсирующего тарифа $n = НДк / ((T - T комп) \times V)$ | | 1,00 |

Временный компенсирующий тариф 0,22 тенге/м3 (без НДС),
 сроком действия на 1 год